

Батыс Қазақстан облысының ауылдық жерге және кенттерге, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау қағидасын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 40-11 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 желтоқсанда № 6597 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2024 жылғы 24 қазандағы № 15-4 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 24.10.2024 № 15-4 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Батыс Қазақстан облысының ауылдық жерге және кенттерге, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау қағидасы бекітілсін.

2. Облыстық мәслихат аппаратының басшысы (Е.Қалиев) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мәслихат хатшысы*

*Мәслихат хатшысы*

*M. Құлшар*

*M. Құлшар*

Батыс Қазақстан облыстық

мәслихатының

2020 жылғы 23 желтоқсан

№ 40-11 шешіміне қосымша

**Батыс Қазақстан облысының ауылдық жерге және кенттерге, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау қағидалары**

## **1. Жалпы ереже**

1. Осы Батыс Қазақстан облысының ауылдық жерге және кенттерге, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне, 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес әзірленді және Батыс Қазақстан облысының ауылдық жерге және кенттерге, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларға жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкерлеріне бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік қолдау көрсетудің тәртібі мен мөлшерін айқындауды.

2. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) медицина қызметкерлері - кәсіптік медициналық білімі бар және медициналық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

2) фармацевтика қызметкерлері - фармацевтикалық білімі бар және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар;

3) жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе занды тұлға.

## **2. Медицина және фармацевтика қызметкерлеріне әлеуметтік қолдау көрсету тәртібі мен мөлшері**

3. Жұмыс берушімен жеке еңбек шарты жасалған күннен бастап алғашқы үш жыл ішінде еңбек міндеттерін орындаپ жүрген медицина және фармацевтика қызметкери әлеуметтік қолдау алу құқығына ие болады.

4. Медицина және фармацевтика қызметкери әлеуметтік қолдау алу үшін денсаулық сақтау саласындағы жергілікті атқарушы – "Батыс Қазақстан облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесіне келесі құжаттарды тапсырады:

1) жеке куәлігінің көшірмесін;

2) білім туралы дипломының көшірмесін (нотариалдық куәландағылған);

3) еңбек кітапшасының көшірмесін (болған жағдайда);

4) мемлекеттік медицина ұйымына жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың көшірмесін;

5) мемлекеттік медицина ұйымымен жасақталған еңбек шарты;

6) 3x4 фото сурет (2 дана) ұсынады.

5. Әлеуметтік қолдау Батыс Қазақстан облысының ауылдық жерлері мен кенттеріне, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларына жұмыс істеуге жіберілген медициналық және фармацевтикалық қызметкерлері үшін біржолғы өтемақыдан тұрады:

Орал қаласының аумағында орналасқан медициналық ұйымдарға 1 500 000 (бір миллион бес жүз мың) теңге көлемінде;

Бәйтерек, Теректі және Тасқала аудандарында орналасқан медициналық ұйымдарға 2 500 000 (екі миллион бес жүз мың) теңге көлемінде;

Ақжайық, Жаңақала, Казталов, Бөрлі, Шыңғырлау, Сырым және Қаратөбе аудандарында орналасқан медициналық ұйымдарға 5 000 000 (бес миллион) теңге көлемінде;

Жәнібек және Бекей ордасы аудандарында орналасқан медициналық ұйымдарға 8 000 000 (сегіз миллион) теңге көлемінде.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 16.02.2024 № 10-15 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

6. Бір реттік төлемақы медицина және фармацевтика қызметкерімен еңбек шарты жасалғаннан кейін оның өтінішінің негізінде екінші деңгейлі банкте ашылған есептік шотына аудару арқылы төленеді. Медицина және фармацевтика қызметкеріне бір реттік төлемақыны төлеу облыстық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

**Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 31.05.2023 № 3-5 шешімімен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

7. Басқарма денсаулық сактау ұйымдарын кадрлық қамтамасыз ету мақсатында:

1) жыл сайын ауылдық жерге қажетті медициналық және фармацевтикалық мамандықтар бойынша сұранысқа талдау жүргізеді;

2) медицина және фармацевтика қызметкерінен өтініш және олардың біліктілігін, оған қоса жұмыс орны бойынша тұрғын үйге деген мұқтаждығын растайтын құжаттарын қабылдайды;

3) әлеуметтік қолдауға мұқтаж медицина және фармацевтика қызметкерлердің тізімін жасайды;

4) ауылдық жерге жұмысқа жіберілген медицина және фармацевтика қызметкеріне әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

8. Басқарманың жолдамасы бойынша жұмыс беруші Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес медицина және фармацевтика қызметкермен еңбек шартына отырады.

9. Медицина және фармацевтика қызметкерімен еңбек шарты бұзылған жағдайда жұмыс беруші бұл туралы 10 жұмыс күнінен кешіктірмей басқармаға хабарлауы қажет.

10. Еңбек қатынастары мерзімінен бұрын бұзылған кезде алдында төленген ақша қаражаттарын қайтару еңбек шартында қаралады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК